

## Ауданда 2010 жылға халықтың нысаналы топтары және оларды жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғауға жәрдемдесу бойынша қосымша шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қантардағы N 02/04 қаулысы. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 ақпанда N 8-15-120 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппаратының 2011 жылғы 21 сәуірдегі N 3-2/231 хатымен)

*Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппаратының 2011.04.21 N 3-2/231 хатымен).*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13, 14 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5 бабы 2 тармағына, 7 бабы 2 тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. Осакаров ауданының аймағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі келесі жұмыссыз азаматтардың санаттарымен

а н ы қ т а л с ы н :

1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғалар;

2) 50 - дең асқан әйелдер;

3) 55 - тен асқан ерлер;

4) ұзақ уақыт (бір жылдан астам) жұмыс істемеген тұлғалар;

5) отбасында бір де жұмыс істеуші жоқ тұлғалар;

6) 29 жасқа дейінгі жастар.

2. Халықтың нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар анықталысын:

1) зейнеткерлікке дейінгі (зейнетке шығуға екі жыл қалғанға дейін) жастағылардың қоғамдық жұмыстарда қатысу мерзімі зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ұзартылсын;

2) зейнеткерлік жасқа дейінгі (зейнетке шығуға екі жыл қалғанға дейін) тұлғалардан басқа, мүгедектердің, дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбекте шектеуі бар тұлғалардың қоғамдық жұмыстарда қатысу мерзімі алты айдан бір жылға дейін белгіленсін.

3. Жұмыспен қамту мәселесі бойынша өкілетті орган "Осакаров ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары  
Шөппай                    Серикпайұлы                    Оспановқа                    жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Осакаров ауданының әкімі*                    *P. Әбдікеров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК